



№9 (8213)
5 наурыз
БЕЙСЕНЫ,
2026 ЖЫЛ



Кен Жылоу

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

* Мемлекеттік тіл

Мереке құтты болсын, асыл жандар!

ҚҰРМЕТТІ ЖЫЛЫОЙ
АУДАНЫНЫҢ
АРДАҚТЫ АНАЛАРЫ МЕН
АЯУЛЫ АРУЛАРЫ!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі
Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын
жүректен құттықтаймын!

Бұл күн мейірім мен махаббаттың, сұлулық
пен ізгіліктің мерекесі. Қоғамымыздың дамуына,
ауданымыздың өркендеуіне қосып жүрген
өшпесіз үлестеріңіз үшін Сіздерге айрықша
алғысымды білдіремін. Сіздер отбасының
берекесін кіргізіп, ұрпақ тәрбиелеп, түрлі са-
лада табысты еңбек етіп, ел игілігі жолында
аянбай қызмет атқарып келесіздер.

Жылыой жерінің өсіп-өркендеуінде әйелдердің
еңбегі ерекше. Білім мен денсаулық сақтау,
кәсіпкерлік пен мемлекеттік қызмет, мәдениет
пен спорт салаларында табысты еңбек
етіп жүрген назік жандар – ауданымыздың
мақтанышы. Сіздердің кәсібиліктеріңіз,
жауапкершіліктеріңіз бен табандылықтарыңыз
кейінгі ұрпаққа қлгі.

Осы айтулы мереке күні баршаңызға зор
денсаулық, отбасыларыңызға амандық,
шаңырақтарыңызға шаттық пен береке
тілеймін. Әрдайым жүздеріңізден күлкі көт-
пей, еңбектеріңіз еленіп, абырой-беделдеріңіз
арта берсін!

Көктемнің әр күні қуаныш пен жағымды
жаңалыққа толы болсын!

Құрметпен,
Жұмабек ҚАРАЖАНОВ,
аудан әкімі



«Кен Жылоу» газетінің тілшісі
Айша ТАЛАНКЕР

ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ҚАЗЫНАСЫ

Тіл – ұлттың жаны, рухы
және тарихы. Әр халықтың
болмыс-бітімі, салт-дәстүрі
мен дүниетанымы оның
тілінде сақталады. Сондықтан
мемлекеттік тіл – жай ғана
қарым-қатынас құралы емес, ол –
халықтың баға жетпес қазынасы.



Қазақстан Республикасының мемлекеттік
тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі ғасырлар бойы
халқымызбен бірге жасап, талай тарихи
кезеңдерден өтті. Жыраулар поэзиясы,
шешендік сөздер, батырлар жыры – барлығы
да тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетті.
Тіліміз – ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің,
өнердің негізі.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі – ел
тәуелсіздігінің айқын белгісі. Тәуелсіз мем-
лекет үшін ортақ тілдің болуы – бірлік
пен тұтастықтың кепілі. Мемлекеттік тіл
қоғамның барлық саласында: білім беру
жүйесінде, мемлекеттік басқаруда, бұқаралық
ақпарат құралдарында кеңінен қолданылуы
тиіс. Бұл оның дамуына және беделінің ар-
туына жол ашады.

Тілді құрметтеу – өз халқыңды құрметтеу.
Әр азамат мемлекеттік тілді білуге және
оны күнделікті өмірде қолдануға жауапты.
Әсіресе жас ұрпақ ана тілін терең меңгеріп,
оның бай сөздік қорын, көркемдігін танып
өсуі қажет. Отбасында қазақша сөйлеу, ұлттық
құндылықтарды насихаттау – тілдің болашағын
айқындайтын маңызды қадамдар.

Мемлекеттік тіл – халықтың рухани байлығы,
өткен мен бүгінді байланыстыратын алтын
көпір. Егер біз тілімізді қадірлеп, дамытуға күш
салсақ, болашақ ұрпаққа бай мұра қалдырамыз.
Тілі сақталған халықтың өзі де сақталады.
Сондықтан мемлекеттік тілді қорғау және да-
мыту – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Инжу ҚАРАТАЕВА,
аудандық сот әкімшісінің
жетекші маманы

• Баспасөз - 2026

Кен Жылоу

газетіне 2026 жылға жазылу жалғасуда!



- * Ауданға қатысты жаңалықтар
- * Өзекті мақалалар, сұхбаттар
- * Жарнамалар

Индекс: 65583

Баламалы негізде: 9 айға - 2615 тг.

Пошта арқылы: 9 айға - 3668, 8 тг

"Кен Жылоу" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22



Қадірлі ханымдар!

«Тенішевройл» ЖШС ұжымы атынан сіздерді 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Көктеммен бірге келетін бұл шуақты мереке — әйел затына, сіздердің жоғары кәсібиліктеріңіз, асқан жауапкершіліктеріңіз, парасаттылықтарыңыз, сондай-ақ нәзіктік пен мейірімге ұласқан ішкі қуш-қуаттарыңызға деген терең құрметтің, шынайы ілтипат пен зор ризашылықтың айқын көрінісі. Сіздер кәсіби салада табысты еңбек етіп қана қоймай, отбасының берекесін сақтап, жақындарыңызға тірек болып, айналаңызға жылулық пен шабыт сыйлап, әр күнімізге көрік беріп келесіздер.

Әйелдер қоғамның, экономиканың және әлеуметтік саланың дамуына өлшеусіз үлес қосып келді. Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіз, өз ісінізге деген адалдықтарыңыз бен жоғары нәтижеге ұмтылыстарыңыз — ортақ жетістіктеріміздің және өңірдің тұрақты дамуының берік негізі.

Осы мерейлі мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке мен кәсіби табыс, сондай-ақ әр күнінен қуаныш тауып, ертеңгі күнге сеніммен қадам басуды тілейміз. Әрдайым құрмет пен ілтипатқа, шынайы алғыс пен қолдауға бөле беріңіздер!

Билли ЛАКОБИ,
«Тенішевройл» ЖШС
Бас директоры

Қуанышкерей МҰХТАРОВ,
«Тенішевройл» ЖШС
Бас директорының орынбасары



№9 (8213)
5 наурыз,
2026 жыл

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тенгизшевройл» ЖШС «Жоспарланған қызметтің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдарын қамтитын (КОКТ) жобаларына қатысты ТШО-ның әсер етуге экологиялық рұқсатын алуға өтінім пакетін» қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 17 сәуірінде сағат 10:00-де, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а.о., Майкөмген а., Қарашұңғыл көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты мекенжайы бойынша және онлайн форматта (ZOOM арқылы) өтеді.

Учаскениң географиялық координаттары: 53° 24' 36, 46° 09' 49

Әсер ету аумағының географиялық координаттары:

Оңтүстік - 53° 25' 49, 45° 51' 43; Батыс - 53° 08' 21, 46° 03' 53;

Солтүстік - 53° 34' 42, 46° 20' 24; Шығыс - 53° 44' 28, 46° 13' 13.

Онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/82761012692?pwd=upNmAaBV7i5xKUX3PfedbMdkZsvmo.1>

Конференция идентификаторы: 827 6101 2692

Кіру коды: 998025

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Тенгизшевройл» ЖШС

БСН: 930440000929, бас кеңсе - Атырау қ. Сәтпаев көшесі, 3, тел.: +7 712 302 60 00

Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

Жоспарланған қызмет жобаларына арналған экологиялық рұқсатты алу туралы Арыздың құрамында мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалық материалдар:

1.Т-15НТ ұңғымасына арналған алаңды дайындау

2.Кеніштегі 14 құбырды жою жобасы

3.Т-0110 ұңғымасының бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика жүйесін жаңғырту

4.48-1 шоғырланған ұңғылар алаңы (ШҰА) жинау жинау жүйесін жаңғырту. 48-1 ШҰА дайындау

5.Қышқыл суды ҰБЗ зауытынан ЕБЗ-ға жіберу жүйесін жаңғырту. Түзету

6.Өндірістік базаның су ағынының тасымалдау жүйесін жаңғырту

Мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері:

«Атырау City» ЖШС: Атырау қ., Сары Арка мөлтек ауданы, 33-62, БСН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998; "Каспиймұнайгаз" ҒЖЗИ АҚ: Атырау қ., Абай к-сі, 5, БСН:011040002347, тел.:+7 7122 99 2804, факс +7 7122 99 2882; "Каспий Инжиниринг" ЖШС: Атырау қ., Баймұханов к-сі 476. БСН: 020640000946, тел. +7 7122 36 3010;

«Engineering Services Provider» ЖШС: Атырау қ., Адмирал Лев Владимировский к-сі, 26В, БСН: 060940000062, тел. +7 7122 76 3861

Жобалық құжаттама <https://ecoportal.kz> сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша немесе электрондық түрде мына мекенжайға: Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz және Бірыңғай экологиялық порталда жіберуге болады.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон нөмірі арқылы алуға болады: lyab@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826

3.Модернизация системы КИПиА Т-0110

4.Модернизация системы сбора ПКС 48-1. Подготовка площадки кустовых скважин ПКС 48-1.

5.Модернизация системы отвода кислой воды от ЗТП до ЗВП. Корректировка

6.Модернизация транспортной системы водотока ПБ

Реквизиты и контактные данные разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы:

ТОО «Атырау City»: г.Атырау, мкр. Сары Арка, 33-62, БИН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998; АО НИПИ «Каспиймұнайгаз»: г. Атырау, ул. Абая, 5, БИН: 011040002347, тел. +7 7122 99-28-04, +7 7122 99 2882; ТОО «Каспий Инжиниринг»: г.Атырау, ул.Баймұханова 476. БИН: 020640000946, тел. +7 7122 36 3010; ТОО «Engineering Services Provider»: г. Атырау, ул. Адмирал Лев Владимировский, 26В, БИН: 060940000062, тел. +7 7122 76 3861

Проектная документация размещена на сайте: <https://ecportal.kz> и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Направить свои замечания и предложения в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в письменной или электронной форме, можно по следующему адресу: г.Атырау, ул.Айтеке би 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz и на Едином экологическом портале.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу и номеру телефона: lyab@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тенгизшевройл» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по рассмотрению Заявочного пакета на получение экологического разрешения на воздействие ТШО в отношении проектов намечаемой деятельности с материалами экологической оценки по упрощенному порядку (РООС).

Общественные слушания состоятся 17 апреля 2026 года в 10:00 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Майкомгенский с.о., а. Майкомген, ул. Карашұңғыл 4, здание Дома Культуры, а также в формате онлайн (средством ZOOM).

Географические координаты участка: 53° 24' 36, 46° 09' 49

Географические координаты территории воздействия:

Юг - 53° 25' 49, 45° 51' 43; Запад - 53° 08' 21, 46° 03' 53; Север - 53° 34' 42, 46° 20' 24; Восток - 53° 44' 28, 46° 13' 13.

Ссылка на онлайн-подключение:

<https://us06web.zoom.us/j/82761012692?pwd=upNmAaBV7i5xKUX3PfedbMdkZsvmo.1>

Идентификатор конференции: 827 6101 2692

Код доступа: 998025

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тенгизшевройл»

БИН: 930440000929, головной офис - г. Атырау, ул. Сәтпаева, 3, тел.: +7 712 302 60 00

Предмет общественных слушаний:

Проектные материалы, представленные на государственную экологическую экспертизу в составе Заявления для получения экологического разрешения на воздействие:

1.Т-15НТ Подготовка площадки

2.Ликвидация 14 трубопроводов промысла

АО «Матен Петролеум» АҚ 10.04.2026 ж. сағат 11:00-де«Пустынное кен орнында мұнай өңдеу қондырғысын жайластыру»; «Пустынное кен орнындағы ұңғымаларды жайластыру» жобалары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, Қамыскөл көшесі, 79-ғимарат Мәдениет үйінде өткізілетінін хабарлайды.

Пустынное кен орны бұрыштық нүктелерінің коор: 1. Шығыс бойлық 46°28'34" Солтүстік ендік 53°10' 6"2

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі:

<https://us04web.zoom.us/j/74022819444?pwd=5GZ5g6cqm4r7iW7hNHAuDmLWpYVjUj.1>

Конференцияның идентификаторы: 740 2281 9444, Коллажидентілік коды: 0vSJaR.

Тапсырыс беруші - «Матен Петролеум» АҚ, 060010, г.Атырау, Құлманов көшесі 105, БИН 100940002277, Директор Liu Jincheng, 8712276-66-66.

Жобаны әзірлеуші – «Сұлтанова А.Р.» ЖК, ҚР 060005 Атырау қ., Сырым Датов, 12-26.

БСН 79072310503. т. +7 778 100 4315. oil79@mail.ru

Жоба бойынша құжаттама ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/#hearings> сайтында орналастырылған.

Жергілікті атқарушы орган - «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77 электрондық мекен-жайы: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел: 8 (7122) 35-45-59.

Ақпарат алу үшін электрондық пошта мекен-жайлары: ekspertizyupr@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: oil79@mail.ru +7 778 100 43 15.

АО «Матен Петролеум» сообщает, что 10.04.2026г. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, Косчагилский с.о., с.Косчагил, ул.Камысколь здание 79 Дом культуры 11:00 ч. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по РООС к проектам: «Обустройство УПН Пустынное»; «Обустройство скважин на месторождении Пустынное».

Коорд. угловых точек северная широта 46°28'34" восточная долгота 53°10' 6".

Подключиться к конференции Zoom

<https://us04web.zoom.us/j/74022819444?pwd=5GZ5g6cqm4r7iW7hNHAuDmLWpYVjUj.1>

Идентификатор конференции: 740 2281 9444

Код доступа: 0vSJaR

Инициатор – АО «Матен Петролеум»,

060010, г.Атырау, ул.Кулманова 105, БИН 100940002277, Директор Liu Jincheng, 8712276-66-66.

Разработчик проекта – ИП «Сұлтанова А.Р.», РК 060005 г.Атырау, Сырым Датова 12-26 ИИН 79072310503 т. +7 778 10043 15. oil79@mail.ru

Документация по проекту размещена на сайте НБД <https://ndbecology.gov.kz/#hearings>. Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: Адрес: г.Атырау, улица Айтеке би 77 электронный адрес: ekspertizyupr@mail.ru, atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел:8 (7122) 35-45-59.

Электронные адреса для ознакомления с информацией: atr.priroda@atyrau.gov.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Дополнительную можно получить по адресу oil79@mail.ru +7 778 100 43 15.

«KhamAd partners» ЖШС-і ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдауды өткізу туралы хабарлайды, келесі мекен-жай бойынша: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақкиізтоғай с.о., Ақкиізтоғай ауылы, Меңдекеш Сатыбалдиев көшесі, 1, ауылдық әкімдік ғимаратында, 2026 жылдың 13 сәуірінде, сағат 15:00-де, «Бийжал» кен орнының солтүстік батыс қанатының МДҚ дейін кәсіпшілік ішкі желісін сала отырып, оңтүстік қанатты жинау пунктін жүйесін реконструкциялау» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі).

Геологиялық бөлу координаттары:

СЕ 46° 48' 14,0", 54° 46' 00,0" ШБ;

СЕ 46° 49' 59,0", 54° 43' 18,0" ШБ;

СЕ 46° 48' 47,0", 54° 43' 46,0" ШБ;

СЕ 46° 48' 44,0", 54° 44' 10,0" ШБ.

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақкиізтоғай ауылы.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме:

Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/81198859918?pwd=efc0o8mQqNn6ybJsYL2T05Tp71y0d8.1>

Жеке конференцияның идентификаторы: 811 9885 9918. Кіру коды: 9AKbAq.

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)35-45-59, БСН 050140002850.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «KhamAd partners» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бактыгерей Құлманов, 111 құрылысы.

Жобаны жасақтаушы: «West Project Company Engineering» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Самал шағын ауданы, Нұрлыжол көшесі, 1А үйі.

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады: ecoproektzapad@gmail.com және 8701972110 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

**Жарқын бейнесі жадымызда
(асыл досымыз Бисенова Гүлшат
Елеусінқызының рухына арналады)**

9 наурыз... Егер тірі болса, биыл Гүлшат досымыз 50 жасқа толар еді. Өмірдің бел ортасына жетіп, балаларының қызығын көріп отыратын шағы еді. Бірақ қатал тағдыр оның ғұмырын ерте қиды. Біз бірге өстік, бірге күлдік, бірге армандадық. 1993 жылы М.Лермонтов атындағы орта мектепті бірге тәмамдаған түлектер үшін Гүлшат сыныптың жүрегі еді. Ақжарқын мінезі, алғырлығы мен пысықтығы оны қай ортада да ерекше етті. Кездесе болса ұйымдастырып, бәрімізді жинайтын. Еңбек еткен ұжымында да абыройлы қызмет етті. Жауапкершілігімен, адамгершілігімен әріптестерінің құрметіне бөленді. Ұлағатты ана, мейірімді жар, тәрбиелі келін бола білді. Артында жолдасы мен төрт перзенті – бір ұл, үш қызы қалды. Анасының жылуын сезініп өскен балалары оның асыл қасиеттерін жалғастыратынына сенеміз. Уақыт өтеді. Жылдар алмасады. Бірақ кей адамдар жүректен мәңгі кетпейді.



Гүлшат – біздің жүрегіміздің бір бөлшегі. Оның күлкесі құлағымызда, жарқын бейнесі көз алдымызда. Туған күнінде біз оны сағынышпен, жүрек қимастығымен еске аламыз.

**Сағынышпен еске алушылар:
1993 жылғы түлектер**

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 18.07.2023 жылы қайтыс болған аз. Нурманов Сабит Махутовичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 24 тамыз 2025 жылы қайтыс болған аз. Исказиев Аманкелдінің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 23.02.2025 жылы қайтыс болған аз. Кидибасов Қалжыңның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 27.09.2025 жылы қайтыс болған аз. Багитов Тургелмұрат Тугеловичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Шағатаева А.К. (лиц.№0001206 ҚР Әділет министрлігімен 14.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 23 қыркүйек 2025 жылы қайтыс болған аз. Есенпов Қайрат Байжановичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 11-үй, №2 пәтер Тел.: 8 775 171 53 02.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 16 ақпан 2026 жылы қайтыс болған аз. Кабаков Мухит Карпановичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Әбдірахманов к-сі, 49. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 22.10.2021 жылы қайтыс болған аз. Нурлибаев Аманкелді Жетписбаевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кеңсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

ЖАРНАМА

ТЕЛЕФОНЫ:

